



«БЕКІТІЛГЕН»  
«ҚазҰҚызПУ» КеАҚ Басқарма  
Төрағасы – Ректорының № 225  
бұйрығымен  
«24» 11 2023 жыл

## 2023-2029 жылдарға арналған «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫ

Сапаны қамтамасыз ету саясаты Қоғамның миссиясына, жалпы көзқарасына, құндылықтарына негізделіп, оның мүддесіне сәйкес келеді, бағдарламалық бағытын қолдай отырып, сапа саласындағы мақсаттар мен міндеттерді белгілеуге негіз жасайды.

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ халықаралық және ұлттық рейтингтерге белсенді түрде қатыса отырып, ұлттық рейтингтерде жетекші орынды сақтап келеді, мәселен:

- «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының рейтингінің ең жоғарғы үштігіне университеттің 8 білім беру бағдарламасы кіреді;
- «Педагогикалық ғылымдар» бойынша Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінің (НААР) рейтингінде университет 2-ші орында.

Сонымен қатар, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Times Higher Education World Universities Rankings 2024 университеттерінің әлемдік рейтингіне енді, ол жоғары оқу орнында оқу сапасына деген сенім дәрежесін көрсететін әлемдегі ең танымал білім беру рейтингтерінің бірі болып табылады.

Университет WUR 3.0 жаңа әдіснамасы негізінде бағалаудан, соның ішінде Университеттің жұмысын бес бағыт бойынша өлшейтін 18 мұқият тексерілген тиімділік көрсеткіштері: оқыту, зерттеу ортасы, зерттеу сапасы, өнеркәсіп және халықаралық перспективалар бойынша сәтті өтті, сондай-ақ халықаралық рейтингтердегі өз позициясын нығайтуда: Times Higher Education Impact Rankings (1001+ орын); QS Asian University Ranking – (701-705 орын), QS Asian University-Central Asia University (41- орын), Webometrics (әлемнің 32 000 университеті арасында 10 809 орын).

### Университеттің бағдарламалық мақсаты

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытуудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытуудың хабына айналуды мақсат етеді.

Университетіміз еліміздің білім беру саласындағы жоғары стандарттар мен тануға талаптана отырып, өз миссиясын білім беру саласында еліміздің және

әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы мұғалімдерді қалыптастыру ретінде айқындайды.

### **Университеттің жалпы қозқарасы**

Жылдам өзгеретін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

### **Университет дамудың бес бағдарламалық бағытын анықтады:**

- 1) білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру және сапасын қамтамасыз ету;
- 2) ғылыми-зерттеу қызметінің тұрақты дамуы;
- 3) студенттің жеке басын дамыту жүйесін мақсатты басқару;
- 4) үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес университеттің инклюзивті және цифрлық экожүйесін құру;
- 5) университеттің әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануы.

Бес бағытты іске асыру университеттің **Мақсатты индикаторларына** сәйкес жүзеге асырылады.

Осыланысты, «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ-тың сапа саласындағы саясаты университетті басқару және оның оқу, әдістемелік, әлеуметтік, тәрбиелік, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметін жоспарлау үшін міндетті болып табылады.

### **Сапаны қамтамасыз ету саясатының қағидаттары:**

- 1) қызметтің барлық бағыттарының сапасын арттырудың тұрақтылығы мен үздіксіздігі;
- 2) сапаны қамтамасыз ету саласында шешімдер қабылдаудың орындылығы, ұтымдылығы және алқалылығы;
- 3) білім алушылардың қажеттіліктеріне және еңбек нарығының сұраныстарына бағдарлау;
- 4) университет қызметінің барлық бағыттарының ашықтығы;
- 5) ұтқырылық және өзгерістерге бейімділік;
- 6) қызметкерлердің жұмысқа тартылуы және жауапкершілігі;
- 7) цифрландыру және инновациялық технологияларды пайдалану.

### **Сапаны қамтамасыз ету саясаты келесілерге бағытталған:**

- корпоративтік (алқалық) басқару жүйесін дамыту және жетілдіру;
- білім беру қызметтері мен білім беру үдерісінің сапасын үздіксіз арттыру;
- іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің, жобалық қызмет пен стартаптардың, кәсіпкерліктің экожүйесін дамытудың тиімділігін арттыру;
- білім беру үдерісінің барлық қатысуышыларының Академиялық адалдық және академиялық мәдениет ережелерін сактауы;
- білім беруді интернационалдандыру және халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігіне интеграциялау;
- жұмыс берушілермен, сараптамалық қоғамдастықпен, түлектермен ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру және білім алушылардың алқалық басқару органдарының жұмысына қатысуы;

➤ білім алушылардың, профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің кәсіби және жеке қасиеттерін дамыту үшін қауіпсіз жағдайларды, әлеуметтік қолдауды және қолайлы ортаны қамтамасыз ету;

➤ білім алушылардың 21 ғасырға тән дағдыларын қалыптастыру және дамыту;

➤ кадрлық әлеуетті, үдерістерді ресурстық және ақпараттық қамтамасыз етуді жетілдіру, корпоративтік рухты дамыту және арттыру, білім алушылардың, профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің іске адалдығы мен жауапкершілігін арттыру.

Университет басшылығы сапалы білім беруге, сапалы білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға ықпал ететін жағдайлар жасайды, білім беру қызметтерінің қолжетімділігі мен әділдігін қамтамасыз етеді, өз қызметкерлерінің кәсіби дамуына мүдделілік пен қамқорлық көрсете отырып, сапаны бақылау тетіктері мен жетілдіру жүйелерін жасайды.

Университеттің әрбір қызметкері әл-ауқат, имидж, сондай-ақ «Тұгастық, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге сүйіспеншілік» сияқты құндылықтарды қолдайды және өз құзыреті шегінде сапа менеджменті жүйесінің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ете келе, стейхолдерлерді (білім алушыларды, тұлектерді, ата-аналарды, қызметкерлерді, жұмыс берушілер мен тұтынушыларды) қанағаттандыру мақсатында оның тиімділігін үнемі қолдай отырып, атқарылған жұмыстың сапасы үшін дербес жауапкершілік атқарады.